

№4 (886) 29 қантар, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет



«КӨЛЕҢКЕДЕ ҚАЛЫП ҚОЙҒАН»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыспен қамтудың жол картасына 1 триллион теңге болғаннан мәлімдеді.

– Біз Жұмыспен қамтудың жол картасын қабылдап, оған 1 триллион теңге болдік. Бұл қаржының 98,2 пайызы игерліді. Бағдарлама халықтың еңбекпен қамтып, іскерлік белсенділікті колдау үшін

маңызды рөл атқарды.

Алайда ондаған және жүздең мын жұмыс орны ашылғаны туралы ақпаратты тексергенде, ол зейнетакы және салық төлемдерімен сыйкес келе бермейді. Азаматтардың қағаз жүзіндеған жұмысқа орналастыру белен алғып отыр. Дәл осындай 15 мың жағдай тіркелген, – деді ол.

Оның айтуыша, жұмысқа орналасты деген адамдардың үштеген бірі зейнетакы қорына қаржы аудармаған болып шықкан.

– Мұндай жағдай Туркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында анықталып отыр. Жалпы, енбекпен қамтылғандардың 40 пайызға жуығы «қөлеңкеде» қалып койған. Мен бұған дейін осындағы есептердің автоматты турде кайта тексеру тәсілдерін енгізу туралы тапсырма бердім.

Дағдарысқа қарсы



Укіметтің кеңейтілген отырысында деңсаулық сактау министрі Алексей Цой елде дәрі-дәрмек тапшылығы болмайтынын айтты.

Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев Алексей Цойдан дәрі-дәрмек бағасы қалай қадағаланып жатқанын сүрады. Министр дәрі-дәрмектің шекті бағасын қадағалау мәселесі қайта қаралғанын айтты.

– Қазіргі уақытта коронавирус препараттары бойынша маркетингтік шығындардың бәрін алғып тастадық. Дәріханаларда тапшылық болмас үшін біз коронавируска шалдықтан адамдарға амбулаториялық дәрі-дәрмекті тегін қылдық. Бұл да дәріханалардағы кезекті жойды. Осылайша, біз антиковид

препараттардың бағасын орта есеппен 27 пайызға арзандаттық. Сонымен қатар биыл «Халық деңсаулығы» кодексіне тиісті өзгерістерді енгізіп, бөлшектік сегменттегі бағаларды қадағалау тетігін алғып тастамақтыз. Осылайша, біз бөлшектік сегменттегі бағаны төмendetерлік қосымша тетіктерге ие боламыз, – деді ол.

Президенттің «яғни дәрі-дәрмек тапшылығы болмайдығой?» деген сұрағына Алексей Цой «иә» деп жауап берді.

МЕМОРГАН БАСШЫЛАРЫ БІР ҚӨЛІККЕ ЖЫЛЫНА 6 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТ ЖҰМСАЙДЫ

Мемлекет басшысы Укіметке тапсырма берді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Укіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік автопарктың ұстауға жыл сайын болінетін соманы атады. Мемлекет басшысының айтуыша, орталық мемлекеттік орган басшыларына арналған автопарктың ұстауға жыл сайын аса ірі сомада бюджет қаражаты жұмсалады.

«Мәселен, бір автомобильді ұстауға орташа есеппен жыл сайын 6 миллион теңгеден астам қаражат жұмсалады», – деді ол.

Президент бірқатар елдерде жеke қызметтік көліктің орнына ақшалай етемақы тәжірибесі енгізілгенін айтты. «Мұндай тәсіл «Самұрық-



Қазына» қорында сәтті сынақтан өтті. Бұл қызметтік автокөліктердің санын айтарлықтай қыскартуға және әкімшілік шығынды 1,5 млрд теңгеге азайтуға ықпал етті», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы

бюджеттік процестің бір болігі ретінде сатып алудың «Бірынғай терезесін» жасауды, Укіметке Президент әкімшілігімен бірлесіп автокөлікпен қамтамасыз етудің жаңа схемасы бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса «Ватсан» арқылы тәуліктің кез-келген уақытында мына байланыс телефоны арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475

ТОҚАЕВ ЖЕР КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРТУ ЕҢГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ

Укіметтің кеңейтілген отырысында президент Қасым-Жомарт Тоқаев жер кодексіне түзетулер енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Ол жер жөніндегі комиссияның жұмысын қайта жандандыру қажет екенин атап отті.

Биыл жер кодексінің жекелеген нормаларына жарияланған мораторийдің мерзімі аяқталады. Осыған орай, жер жөніндегі комиссияның жұмысын қайта жандандыру қажет. Ұсыныстар байыппен талқыланып, түбебейлі шешім кабылдануға тиіс.

Укіметке биылғы караша айна дейін жер кодексіне түзетулер енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырамын, – деді Тоқаев.

Мемлекет басшысы жергілікті әкімдіктер жұмысты дұрыс ұйымдастырмадықтан

ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналып жатқанын айтты.

– Жайылымдар мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерлер, ен алдымен, ауыл тұрғындарына қолжетімді болу керек. Жергілікті әкімдіктер жұмысты дұрыс ұйымдастырмай отыр. Соның салдарынан, ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қинауда.

Жайылымдардың 99 пайызы шаруа қожалықтарының иелігінде. Алайда оның 36 пайызындаған мал жайылады. Қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатыр. Укіметке бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдардың кайтарып алушы тапсырамын, – деді ол.

Құндызай ӘТЕГЕН



ДЕПУТАТТАР ЗЕЙНЕТ ЖАСЫН 60-ҚА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДІ ТАҒЫ ҰСЫНДЫ

Укімет басшысының баспасөз қызыметтің өзінде «Қазақстанда зейнет жасын ұзарту мәселесі қарастырылмайды» деген жауап берген болатын...

Мәжіліс депутаты Александр Милютин азаматтардың зейнетке шығу жасын 60-қа дейін төмendetуді ұсынып, Премьер-министр Аскар Маминге саул жолдады, деп хабарлады raryz.kz.

Депутат казіргі зейнетакы жүйесін түбебейлі өзгерту керек деп есептейтінін айтады.

«Қазақстандықтардың көбінде жалалық зейнетакы да аз. Сондықтан біздің партия бүрін жақсы нәтиже көрсеткен зейнетакы жүйесіне оралуды ұсынады. Біздің басты ұсыныстарымыздың бірі - еңбек жағдайының киындығына байланысты азаматтардың зейнетке шығы жасын қайта қарастыру. Азаматтың жынысына

карамастан, зейнетке шығу жасын 60-қа дейін төмendetуді керек. Зейнетке шығу жасын кезең-кезеңмен ұлттайту мәселесін көтерудің мәні жоқ. Ең төмен базалық зейнетакы жыл сайынғы орташа жалалық индекстеу номиналды инфляцияны ғана емес, сонымен бірге нақты тұтыну бағаларының есү индексін, соңдай-ақ жалалықтарының есү индексін де ескеруі керек», – деді Александр Милютин Мәжілістің жалпы отырысында.

Айта кетейік, Мәжіліс депутаттары бұған дейін Қазақстанда ерлер мен әйелдердің зейнет жасын 60 жасқа дейін төмendetуді ұсынып, Премьер-министр Аскар Маминге саул жолдаган еді. Бұған Укімет басшысының баспасөз қызыметтің өзінде «Қазақстанда зейнет жасын ұзарту мәселесі қарастырылмайды» деген жауап берген болатын.



ЕАЭО: «ҚАЗАҚСТАН – «ТИТАНИККЕ» ҚАҢТАРЫЛҒАН ҚАЙЫҚ»

АҚШ президенті Джо Байден ресейлік хакерлердің әрекетінің, Алексей Навальның улауга және Ауғанстандағы америкалық сарбаздарды олтіргендеге тағайындалған сыйақыға қатысты істердің тереуге барлау қызметініне пәрмен берді.

Бұл туралы Тәуекелдерді бағалау тобының директоры Досым Сәтбаев пікір билдірді. Саясаттанушының пайымдауынша, осы тергеудің нағайкасында Ресейге қарсы қатаға экономикалық санкциялар салынса, рубль бағамы барынша құлдырайды. Онда Қазақстанның да қауіпті аймақта калғаны.

Бұл жайт сарапшыларды катты алғандатын отыр. ЕАЭО секілді ресейшіл жобаларға наразылық үлгайпай барады. Әлеуметтік жөлдерде бұл анық байқалады. АҚШ Ресейге шындалдырынан батыратын болса, бұл наразылық барынша үдейтін түрі бар. «Біз екі оттың арасына өз еркімізден кірдік. Бір жағынан алғанда, ЕАЭО шенберінде әскери өнеркәсіптік кешенге, жанар-жағармай қуат кешенінә және қыргы-күштік құрылымдарға ғана арқа сүйеген Кеңес Одағын еске түсіретін экономикалық аутсайдермен бірліктік. Екінші жағынан, Қазақстанның 30 жылдық тәуелсіздігі жылдарындағы «экономикалық дамуымыз» да анық болып қалды. Бәрі шикізат сатуға, шикізат нарығындағы жағымды баға конъюнктурасына тіреліп отыр», – деп түйіндеді сарапши.

Досым Сәтбаевтің пікірінше, бұл елімізді ғаламдық деңгейде «экономикалық аутсайдер» етті. Тіпті, түрлі сыртық факторларға тәуелді болуға

итермеледі. Шикізат «элитасының» мүддесіне емес, мемлекеттік үлттық мүдделеріне сай «тәуелсіз» экономикалық саясат жүргізгілгенін жокқа шығарады.

«Біз тенізінді түбіне құлдилап, батып бара жатқан Титаникке байланған тас секілдіміз. Темір переде қайта түседі. ЕАЭО-дан шығу керек. Бұдан тек зиян келеді. Экономика кері кетеді. Гиперинфляция. Әрі қарай тақыр кедейлік. Ешқандай даму болмайды. Бұл – күрдымға кететін жоба», – дейді Ерік Қожахметов атты қолданушы.

Үмітсіз шайтан. Ел арасында мойындауға шақыргандар да бар.

«Бар үміт Навальныйда! Біз Ресейде шеруге шықкан адамдарды жұмыла колдауымын көрек», – деп пікір білдіреді Жұлдыз Нұрбекова.

«АҚШ билігіне демократтар келсе, Путин режимінің күні қаран» деген сөз бұрынан айттылып келеді. Байденниң мына бұйрығы жай қыр көрсетуге мүлд ұксамайды. Белін бекем бұган адамың сөзі секілді.

«Титаник» фильмі естеріндегі болса, соңғы сөтте билетті картадан ұтып алып, әне-миңе дегенше жүргелі тұрган алып кемеге жүгіріп кіріп үлгерген Джек Доусон деген басты кейіпкер бар. Ол бұл сапарға кітапты қуанады. Махаббатын да табады. Біз де ЕАЭО атты «титаникке» отырып үлгердік. Қазақстанның Ресейге деген маҳаббаты да шексіз.

Ендігі мәселе: құтқару қайықтарынан бізге бір орын тиे ме, жок па? Бүгінгі күннің басты сауалы – осы.

nege.kz

РЕСЕЙДІҢ КӨНІЛ ҚҰЙІ ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Экономикасы да, саясаты да аумағында болып тұрган Ресейдің көніл құйі қазір құбылып тұр. Елдің қаржы омбудсмендері саясаттан болек, биыл Ресейді экономикасында да ауыр қыныңдықтар күтіп тұрғанын мәлім етті.

Алдағы уақытта Ресей Батысмен арақатынасын түземесе биылғы жылы елді жұмыссыздық жайлап, Ресейдегі ірі-ірі компаниялар банкрот жариялауы мүмкін. Тіпті Ресейдегі тауелсіз қаржы омбудсмені Михаил Разинің айтуыша, жұмыссыздар саны 3,7 млннан да көп болуы ықтимал.

Бұған қатысты қаржыгер «әлеуметтанданушылар» бізге жуырда Ресейде 16 млн халықтың ете кедей тұратынын мәлім етті. Орталық банк елде инфляцияны 4,6-5 пайыз мөлшерінде көрсеткенімен шын мәнінде Ресейде қазір инфляция 15 пайыздан асып кетті. Ирі компаниялардың 23 пайыздан астамы жұмысшыларын қысқартуды ойластырып отыр. Сонда олар әрбір төртінші адамды жұмыссыз қалдырумак, 300-ге жуық компания осындаш шешім қабылданап отыр. Болашақта Ресейде 3,7 млн адам жұмыссыз қалуы мүмкін. Бұл жағдай қазір Ресейдің көнілін қуйін бұзып түр» дейді.

Осылайша Ресей қаржыгерлерінің пайымдауынша, қымбатшылық, Батыс пен АҚШ-тың қысымы, сыртық қарызыдың өсімі, мұнай бағасының төмөндеуі, экспортқа шектеу қою, импортты шамадан тыс енгізуе осылайша Ресей экономикасының дамуына қатты шек келтіріп отыр.

Көрші елдін қаржыгерлері осылай дауырып жатқан тұста, біз «Ресейдің көнілін қүйі бұзылса Қазақстانا қандай қауіп бар» деген сауалға жауап іздел көрдік. Біздегі сала мамандарының пайымдауынша, бұдан бізге келер қауіп жок» деп камсыз отыруға болмайды.

Мамандардың пайымдауынша, Ресейдегі бір ғана жұмыссыздық салдарынан Қазақстانا 1 млн мигрантың енүне ықпал етуі әбден мүмкін. Бұл ретте «Аналитиқ» талдау орталығының сарапшысы Марал Төртеновың айтуыша, Ресейдегі «Тәжік еңбек мигранттары» қоғамдық кенесінің таратып отырган мәліметтеріне сүйенсек, Ресейден 2,5 млн мигрант еңбек нарыбын тастанай қашқалы отыр.

— Қазір Ресейдегі мигранттардың жалпы саны 11 млннан жеткен. Егер елді



жұмыссыздық жайлап, жағдай осылай жағаса берсе олардың жұмыссыз қалғандары Қазақстанның сағалауды әбден мүмкін. Осылай байланысты елімізге енетін мигранттардың да көлемі арта түсініп жақап емес. Қазақстanda қазірдің өзінде жарты миллионнан астам мигрант жан бағып жүр. Олардың үштен екісі Өзбекстаннан; 25 пайызы Қыргызстаннан; ал қалған мигранттар Тәжікстан және ТМД-ның тағы басқа елдерінен келген. Сейтіп ғылайынша айтсак, Қазақстан мигрант атаулыға жұмыс беруде ТМД бойынша алдыңғы орында айтсақ, Тіптен ТМД елдерінен келетін мигрант атаулы өздері үшін Ресейден ғөрі Қазақстанның жайлы екенін, олар үшін мәдениеті мен дінін үкес. Қазақ елінің аумағында жұмыс істеу ете қауіпсіз екенін қазірде ашып айтаду. Болашақта елімізде қәсіпорындар мен өндіріс орындарының саны артатынын ескерсек, біз сырттан келетін жұмыс күшінде алі де тәуелді бола түсеміз. Демек бізге сырттан жұмыс күші алі де ағылшын келе береді. Мамандардың Ресейдегі мигранттар енді Қазақстана келе бастайды. Себебі Ресей экономикасының жағдайы қазір тым ауыр. Ресейден наан табу, табыс табу олар үшін үлкен проблема айналады. Ал бұл екі арада Қазақстанның түрлі құрылыш секторларын сала бастайтының білітін олар заңды-заңыз жолмен бізге ене бастайды. Сондыктан елімізге енетін мигранттардың тым еркінсіп кетпеу үшін оларға арнағы міндеттемелер жүктеудің артықтығы жоғы даусыз. Бұл ретте заң аясында талап қой булу, міндет арту бұл үлттық қаупісіздігімізде де, тыныштығымызға да сызат түспеу үшін керек дүние. Ендеше біз үшін болашакта заңды қатайту озекті бола түспек, дейді экономист-галым, сарапши Марал Төртенова.

Қарлығаш САЙЛАУБАЕВА



Ресей халқы президент Путинге қарсы дүр етіп көтерілді. Енді басыла қояр ма екен? Алексей Навальның қамалуы онсыз да наразылының күштегі тұрган жүрттүң белсенділігін күрт арттырып жіберді. Ресейдің ондаған қаласында наразылық митингілері отті.

Александр Лукашенконың президенттік сайлауынан кейін бірнеше айға созылған Беларусь шеруі енді тұракты тұрде Ресейде жалғасын таба ма, жок па? Оны уақыт көрсетер. Бірақ бір нарасе айқын: ресейліктік есекіше тұргысы көлмейді, халық жаңаша өмір сүргісі келеді. Бұл – бір. Екіншіден, Алексей Навальның «Путин сарайы» деректі фильмін кеше 80 миллионнан астам адам көріп, қаралып рекордтык көрсеткішке жетті. Бірақ халықтың көшеге шығуна Алексей Навальның ұсталуы мен «Путин сарайы» фильмі ғана есеп етті мә? Бұл, шынтуайтына келгенде, оттын жануына себепкер болған тамызық қана.

Негізінен, елдегі жағдайдың құн санап нашарлап бара жатқаны, экономиканың тұралуы, кедейлікten кеңінен етек жаюы мен жалакының аздығы, құнкорістің төмөндігі – осының барлығы да айналып келіп, халықтың көшеге шығуна эсер етті. Бірнеше жыл бойы әбден зерттеліп барып түсірілген «Путин сарайы» фильмі де Навальның Ресейге қайта оралып, ұсталуының карсанында жалқап жүрткә жария етілді. Ресей сыртықтары істер

ҚАЗАҚТЫҢ

министрлігінің ресми екілі Мария Захарова митингітеге шыққандарға «жақсылықтың күтпендер» деп жауап берді. Бұл иені білдіреді? Путин билігін ешкімді жазасыз қалдыраймайды. Қазірдің өзінде мындаған адам қамалды. ОМОН-дардың таянын зардан шеккендер жетерлік. «Кеше АҚШ-тың Ресейдегі ешілігі Мәскеу мен Ресей калаларындағы митингин жасаушылардың журу бағытын жариялады. Бұл не, арнайы алдын ала жасалған қойылымда, жок алде наразылық жасаушыларға берілген кеңес пе? Жок алде елдің ішкі ісіне араласу ма?» – деді Мария Захарова.

Негізі, «Мәскеу жорық» операциясының түпкі негізінде Владимир Путиндің биліктен кетіру әрекеті жатыр. Ресей билігі «Навальныға батыс елдері мен АҚШ дем беріп отыр» деп сандыды. Бірақ ең кының, ресми Мәскеу басты қателікте өздерінен көрмейді. Егер халық алған бетінен кайтпаса, Путиннің билігі шайқалып кетуі мүмкін. Ал бұл АҚШ пен Еуропаның бірқатар елдерінен тиімді. Байден билікке келгенен кейін, расы керек, енді Ресейдің алспірету саясаты маскетті тұрде жүзеге асырыла бастайды.

Өткен аптада Навальның қамалғаннан кейін, Еуропа елдері «Солтүстік ағын-2» жобасына тоқтау салды. Енді Ресейге қарсы санкциялар дауыріп басталады. Өткен гасырдың 90-жылдарының басында АҚШ пен Еуропа шикізатқа негізделген Кеңес Одағын мұнайдағы бағасын күрт құлдырату арқылы құрдымға жіберген. Сейтіп, алып империя өмір сүріп тоқтаткан. Ресейдің күрамында да ондаған республика бар. Ресей ыдыраса, тағы бірнеше азат ел пайда болары сөзсіз. Біліктін жалына жармаскан Путин бұл жолды қаламайды. Ешкімге азаттық алуға мүмкіндік бермейді. Бірақ түбінде зор көлемдегі әлеуметтік жарылыштың

НАВАЛЬНЫЙ ҚАЙДА?

болары сөзсіз. Тарихтан белгілі, империялық мемлекеттер ұзак өмір сүрмейді. Осман және Рим империясы қазір жок. Тек тарих бетінде қалды.

Қазір Ресей жалғыз. Одактарды жок. Тек Беларусь пен Қазақстانا ғана. Беларусьтың өзінде бірнеше ай бойы толку болып жатыр. Мұның аяғы жақсылықпен бітпейді. Халқына қарсы шыққан биліктің опа тапқан, бақытта кенелген бір жок. Ресей жолайрықта қарып қойылғанда. Путин билігінде қалыпташып кетті. Түйенін жел шайқаса, ешкін аспаннан ізде» дейді атам қазак. Ресейдегі толкулар қазақ билігіне де оңай тиіп отырган жок. Біздің билік ресми Мәскеуге қарып қөшін түзейді. Соларға қарап саясатын жүргізеді. Сондыктан Қазақстانا билігінде сабак алуды тиіс. Кадам қарапайым халыққа қарай жасалуы тиіс.

Бірақ еңгіме қазақстанның Навальныйдың жақжеттілігінде тұр ма? Ал бізге де бір Навальный жақет болса, ол кеңінен?

Әлеуметтік желінде жақжеттілік, жорам



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік сұранысының негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғыш табылады. Бұл жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлөрі арқылы іске асады. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз ушін, Қазақстан деп аталағы Республиканың жер бетінде барлының ушін, тарихтың әр түсінде осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың арағының алдында қашан да қарыздармыз», – деп Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқандай, біздін алдымызда «бабаларының ігі дәстүрін сактайдын», «куллі әлемге әйгілі, ері сыйлы өз елінің патриоттары» болатын үрпақ тәрбиелу міндеттері жатыр. Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, олшемі. «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңын тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз.

Сондыктан да, сан ғасырлар бойы сүрьпталған ұлттық құндылықтарымызды оку-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрган асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін үрпактарды сусындағып, ұлтшылдық пен отаншылдықка баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қараышындағы қорғайтын, бойында ұлттық санасы калыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрган улы міндет болып отыр. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелен үрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде кол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондыктан да әрбір жаңа ұрпак үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моральдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпакқа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылданыра тусетін, халықтың даналық өмір – салтынан туындалап отыратын бұлжымас ережелер мен қафидалар күрайды. Қазакы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлагат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты.

Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселе мен пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп белемім.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқарытын орны білемін.

ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлты ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын колданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты ушін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап етеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы.

Қазақтың үлттық құндылықтарын жаңғыруға бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын үлттық сипатта жүргізуі талап етеді. Қазаки рухы білк үлттық идеяның қалыптасуында үлттық құндылықтардың маңызы зор. Үлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттілкен туындан отыр. Үлттық сана-сезімі қалыптасқан, үлттық мұдденін еркендеуіне үлес қоса алатын, үлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттың құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, үлтжанды тұлғаны тәрбиелеу үлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Үлттық идея – қазақ халқы тудырыған моральдық нормаларда және үлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибелі менгеру, үлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Қөрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталағы «Үлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаңармандық ерлік салтын қастердеу – үлттық идеяның басты қозі.

кастерлеу – ұлттық идеяның оасты қөзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындаға өзіндік дербестігін нығайтады - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасан, есейгенде сол іліген күйінде қайтып алмак” – деген тұжырым жасаған казақ халқының ұлы ақыныға ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастаң ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жаксы елдікті танытар азаматтардың осетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз берен мұзықамыз, едебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзден айтқанда ұлттық рухымызды бойымызда мәзгі қалуы тиіс» – деп ой корытады. Бүгінгі күн түрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сініру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық наымыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңың кезек күттірмес міндегі деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын

орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық иғіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрагаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндестіміз. Ұлттымыздың көрнекті мемлекет және қоғам кайраткері Мұстафа

Шоқай: «Үлттүк күндылықтардан жүрдай рухта тәрбиеленген үрпактан халқымыздың қажеті мен мұддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын.

Үлттық құндылықтар – үлттық идеяның негізгі өзегі, үлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы үлттық идеяны іске асyrатын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай үлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау кажет. Үлттық идея – туған жер, өскен орта есерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – үлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы үлттық идеологиямыз әлсіз болса барлық салага өзінің кері ықпалын тигізетіні шубәсіз.

Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары алеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі енбекте табыстарға

қасиеттер үрпак бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырга бар тарих, халқымыз батырлдықта биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, улгісі санаған. Батырлыхы деген, ерлік деген үрпактан үрпаққа ата дастыру болып кала бермек. Откениң білмеген, тәлім – тәрбие, ғибрат алмаған халықтың үрпағы – тұл, келешегі түрлаусыз. Біздің казақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сактап қалған, жерин жауға бермей, ұлан байтак өлкесін казақ еліне мәнгі коныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастықта тимей, елім деп еніреп откен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі үрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеуісіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай күндылықтардың

ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра — батырлар жыры. Отаның сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аяnbай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғыны, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгөнбай, Наурызбай сияқты мындаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мұддесі, арман-тілегі, туган жері үшін жан аямаған батырларда деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, акын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері окушыларының бойында отаншылдық

сезімді калыптастыруда маңызы өте зор. Отансүйгіштік рух – тәуелсіз еліміздің әлемдік орқениеттің көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алудың мүмкіндік беретін бірден-бір күш. Осы жерде жас ұрпақ ең басты отбасында аскан отансүйгіштік сезімге тәрбиелену тиіс. Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі - ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» - деген екен. Отансүйгіштік сезімнің калыптастыруна ата-ана, ауыл аймағының ықпалы зор. «Отан отбасынан басталады»-дейді дана халкымыз, отанды сую – отбасынан басталатыны рас. Сондықтан да бала тәрбиесінде шешуші факторы – отбасы. Оның ер жетіп есүі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында калыптасады.

отбасында қалыптасады.
Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс.
Оған қопшілік қоғам болып жұмылу,
парасаттылық пен байсалдылық керек.
Үрпақ тәрбесіндегі ежелден қалыптасқан
халымыздың жақсы дастүрі мен
тағылымдарын, мәдениет тарихын,
бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың
енбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы
менгермей тұрып келер буынға дұрыс
тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі,
өткенді жақсы білмейінше келешекке
сапар шешу, Л.Толстой айтқандай, айсыз
каранғыда сүрлеу соқпақ іздел шатасумен
пара-пар. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата
– бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие
үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами
қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп
тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы
және қоғам қажеттілігі

Және қоғам қажеттіліт. Оймының қорытындысын, Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам деген жұрт болмаса, жұрттың дейтін бала қайдан болсын» деген сөзімен аяқтағым келіп отыр. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін колға алу басты шаруа. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазакстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта атомшы.

**А.А УРУСТАМБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
әскери кафедра бастығының
орынбасары
запастағы подполковник**



ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛАРҒА ҚАНДАЙ ҚӨМЕК ҚӨРСЕТИЛЕДІ?

2020 жылы Қазақстанда толық емес отбасылардың саны 540 мынға жуықтаган.

Қазақстанда шамамен әр екінші неке ажырасумен аяқталады. Статистикаға сүйенсек, елде 400 мынана балаларын жалғыз тәрбиелеп отырса, 60 мын жалғызбасты әке бар. Осы орайда Informburo.kz толық емес отбасыға мемлекеттөн қорсетілетін әлеуметтік комектер мен женилдіктеге қатысты, баспана алуға байланысты сұрақтарға жауап берді.

№1. Қандай отбасылар толық емес болып саналады?

Ерлі-зайыпты ажырасып баланы не экесі, не анасы тәрбиелесе; күйеуі немесе әйелі қайтыс болып баланы бір ғана адам тәрбиелесе; заңды некеде тұрмай бала босанса, толық емес отбасы деп есептеледі.

№2. Толық емес отбасына мемлекеттін үй беріле ме?

Иә. «Толық емес отбасы» санаты бойынша баспана кезегіне тұруға болады. Кезекке тұру үшін анасы не экесі үш жыл тұрақты тіркеуде тұрып, соңғы бес жылда атында үй болмауы керек. Қажет құжаттар:

ажырасканы туралы немесе жарының қайтыс болғаны туралы күәлік; балаларының баларлығы бір мекенжайда тіркеуде болуы; балаларының туу туралы күәлігі; жұмыс істейтін болса, жұмыс орнынан анықтама;

табыс мөлшері;

алатын әлеуметтік қомек туралы анықтама.

№3. «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатыса ала ма?

Иә. Кезекте тұрган толық емес отбасы билігінде тұрғын үй бағдарламасына қатыса алады. Жылдың қарызы мөлшерлемесі -2%, бастапқы жарна -10%, қарызыды өтеу мерзімі - 20 жылға дейін. Қарызы сомасы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент,

Ақтау, Атырау қалаларында 15 млн тенгеге дейін, басқа аймақтарда 10 млн тенгеге дейін.

Бағдарлама табысы отбасының әрбір мүшесине шаққанда ең төменгі құнқөріс деңгейінің екі еселі шамасынан артық болмайтын (68 604 тенге) тұрғын үй кезегіндегілер үшін колжетімді.

№4. Тұрғын үй сертификаты беріле ме?

Табысы төмен отбасылар үшін жергілікті әкімдіктер баспана сатып алуға тұрғын үй сертификатын ұсынады. Сертификат Үлттық банк бекіткен ипотекалық немесе мемлекеттік тұрғын үй құрылышы бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алған жағдайда беріледі. Сертификатты алу үшін әкімдікке немесе Халыққа қызмет қорсету орталығына отініш беру керек.

Қажет құжаттар:

тиесті формадағы отініш; отініш берушінің жеке күәлігі; табысы туралы анықтама; Ипотекалық қарызы берудін макұлданғаны туралы банктен хабарлама.

Әлеуметтік қомек түріндегі тұрғын үй сертификаты отбасындағы ер

адамның соңғы алты айдағы табысы айна екі ең төменгі құнқөріс деңгейінен аспайтын жағдайда беріледі.

№5. Толық емес отбасыға қандай жәрдемақылар тағайыналады?

Бірінші кезекте бала тұганда бірінші, екінші, ушінші балаға - 38 АЕК немесе 110 846 тенге, тортінші және одан кейінгі балаларға - 63 АЕК немесе 183 771 тенге біржолғы жәрдемақы беріледі.

Бала бір жасқа толғанша оның күтіміне ай сайын:

бірінші балаға 5,76 АЕК немесе 16 802 тенге;

екінші балаға 6,81 АЕК немесе 19 865 тенге;

ушінші балаға 7,85 АЕК немесе 22 899 тенге;

тортінші және одан кейінгі нәрестелер үшін - 8,9 АЕК немесе 25 962 тенге төленеді.

№6. Атаулы әлеуметтік қомек ала ма?

Толық емес отбасындағы әр адамның табысы ең төменгі құнқөріс деңгейінің 70%-ынан төмен болса, отбасы атаулы әлеуметтік қомек алуға құқылы. 2021 жылы бұл сома 24 011 тенгени құрады. АӘК тоқсан сайын тағайыналады. Ол үшін ХҚҚО-ға немесе әкімдікке жеке басын күәландыратын құжатпен барып, отініш береді. Егер отбасының еңбекке жарамды мүшесі мемлекет ұсынған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, атаулы әлеуметтік қомек бүкіл отбасы үшін тоқтатылады.

№7. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет беріле ме?

Атаулы әлеуметтік қомек алатын табысы аз отбасылардың балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады. 1 жастан бін жасқа дейінгі балалар үшін әлеуметтік пакетке азық-түлік жиынтығы мен тұрмыстық химия тауарларының жиынтығы кіреді. 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін мектепте ыстық тамақ, оку күралдары мен мектеп киімдерін беру, жол журу шығындарын өтеу, сондай-ақ тегін медициналық қызмет қорсету қарастырылған.

№8. Толық емес отбасында торт баладан көп болса, жәрдемақы беріле ме?

2020 жылдың 1 қантарынан бастап отбасылық кірісіне қарамастан торт және одан да көп, қемелеттік жасқа толмаған, орта арнаулы және жогары оку орнында білім алған жағдайын 23 жасқа толмаған балалары бар аналарға сараланған мөлшерде жәрдемақы беріледі:

торт балаға - 16,03 АЕК немесе 46 760 тенге;

бес балаға - 20,04 АЕК немесе 58 457 тенге;

алты балаға - 24,05 АЕК немесе 70 154 тенге;

жеті балаға - 28,06 АЕК немесе 81 852 тенге;

сегіз және одан да көп балаға - 28,06 АЕК немесе 81 852 тенге және жетінші баладан кейінгі әр балаға 4 АЕК қосылады.

№9. Асыраушысынан айырылған жағдайда тағайыналатын жәрдемақы мөлшері қандай?

Асыраушысынан айырылғандарға

берілетін жәрдемақы ең төменгі құнқөріс деңгейіне және адам санына байланысты есептеледі:

ата-анасының бірі болмаған жағдайда балаларға немесе еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне ай сайын - 29 500 тенге;

екі адамға - 51 110 тенге;

үш адамға - 63 459 тенге;

төрт адамға - 67 232 тенге;

бес адамға - 69 634 тенге;

алты және одан көп адамға - 72 378 тенге.

Ата-анасының екеуінен де айырылған жетім балаға 40 477 тенге беріледі.

Жәрдемақыны алу үшін ХҚҚО-ға

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй корында жалға алған тұрғын үйді пайдалану үшін жалға алу төлемінің көлемі туралы жергілікті атқарушы орган ұсынған есепшоттар.

№11. Толық емес отбасы бала-ларина мектептен қандай қомек беріледі?

«Білім туралы» заң бойынша әр мектепке жыл басында бөлінетін бюджет қаржысының көмек деңгейінде әлеуметтік жағдайда нашар оқушыларға жәрдем беруге жұмысрудың тиіс. Бұл жағдемге:

кім-кешек, аяқ киім, окульптар, оку күралдарын сатып алу;

окитын жерінде тамактандыруды үйымдастыру;

каржайлай қомек көрсету; санаторий, курорт үйімдары мен демалыс лагерінде жолдамалар сатып алу; мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға жіберу кіреді.

Комек ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдардың немесе кәмелеттік жасқа толған білім алушының отініші негізінде беріледі. Отінішті 15 күн ішінде каралады.

№12. Толық емес отбасы бала-ларина ЖОО-да оқу ақысы женилдітіле ме?

Әр жоғары оқу орнында оқу ақысын төлеуде женилдіктегі атқарушылар, Университеттің ішкі саясатына байланысты женилдіктегі, әлеуметтік қомектер карастырылады. Мысалы, кейір оқу орндарында толық емес отбасыдан шыққан студенттерге құнінде бір рет тегін таңақ беріледі. Сондай-ақ, студент ақылы түрде оқып жатса босаған бос білім беру грантын алу конкурсына қатыса алады.

№13. Студенттерге жатақханадан орын беріле ме?

Иә. Толық емес отбасыдан шыққан студенттер университет жатақханасына орналасу үшін негізгі құжаттармен коса ата-анасының қайтыс болғаны женинде және отбасы құрамы туралы анықтама отқізеді.

№14. Ажырасқан соң ата-ананың бірі алимент төлеуге міндетті ме?

Ата-анарап кәмелеттік толмаған балаларын асырауға міндетті және ажырасқан кезде алименттерді төлеу туралы келісім жасауға құқылы. Мұндай келісім ерлі-зайыптылар арасында болмас немесе ол балалардың, ерлі-зайыптылардың бірінің мұдделерінен шайыл келсе шешімді сот анықтайды.

Ажырасқаннан кейін ерлі-зайыптылар арасында алименттерді төлеу тәртібі және мөлшері туралы келісім болса, онда іс жүзінде төлем келісігепе сай келуі керек. Мұндай келісім болмаса, алиментті ата-анаңы сотпен төледі.

Алимент төлеуге міндеттеген ата-ана ай сайын:

бір балаға – табысының төрттен бірін;

екі балаға – табысының уштегін бірін;

үш және одан да көп балаларға – табысының жарты болғанын төрттен бірінде беріледі.

№15. Балаға алимент алу үшін қандай құжаттар керек?

Баланы камкорлығына алған адам алимент өндіріп үшін арыз беруге құқылы. Арызда бала саны мен олардың түгел жылды жазылып, балалардың заңды некеге түрлі туралы анықтама берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

«eGov.kz» порталы арқылы онлайн өтініш беруге болады. Ол үшін порталда авторизациядан өтіп «Онлайн сұратым» батырмасын басу керек. Содан соң ЭЦҚ қол қойып, өтінімге келесі құжаттарды тіркеу қажет:

отбасының табысын растайтын құжаттар;

тұрғын үйді растауға арналған ай сайынғы жарналар көлемі туралы есепшоттар;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған есепшоттар;

«ҚАСЫМ ХАН» СЕРИАЛЫН ТҮСІРУ БАРЫСЫНДА 30 МЛН ТЕҢГЕГЕ ЖУЫҚ АҚША ҰРЛАНҒАН



Мемлекет қаржысын талантаражга салғандар мәдениет пен онер саласында да көп, деп хабарлайды «Хабар 24».

Актаудағы Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық музикалық драма театрының экс-директоры бюджеттін қаржысын жымқырды деп айыпталды. Құдікті театрда жұмыс істемейтін таныссының есепшоюна жалақа аударып келген. Оның 1 млн 402 мың теңгегі қолды еткені анықталды.

Наргиз Бекмағанбетова, тілші:

- Нұрмұхан Жантөрин атындағы Манғыстау облыстық музикалық-драмалық театрының экс-директоры бюджет қаражатын жымқырды деп айыпталды. Енді құдікті ақшаны 10 есе мөлшерде қайтаруы тиіс. Ол 14 млн 21 мың теңге айыппұл төлеуге міндеттелді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметке оралуына мүлдем тығым салынды.

Аслан Атшыбаев, ҚР СЖҚҚА өнірлік департаментінің тергеуіші:

- Театр директоры Мұқанов 2018-2020 жылдар аралығында өзінің жеке автотұрағында қызмет атқарған азаматшаға жалақа толеп келген. Лауазымды тұлға өзінің қылмыстық іс-әрекетін толықтай мойындал, мемлекетке келтірілген залалды

өтеген жағдайда айыппұл түрінде жаза колданылу қарастырылған. Бұл айыппұл 1 ай мөлшерінде сот үкімімен мемлекетке өндірілуге жатады.

«Қасым хан» сериалын түсіру барысында 30 миллион теңгеге жуық ақша ұрланғаны дәлелденді. Енді «Қазақфильм» акционерлік қоғамының «Қасым хан» киножобасының экс-директоры екі жылға сottалады. Осы іске катысы бар екі қызметкердің бас бостандығы үш жылға шектеліп, 100 сағат мәжбүрлі еңбекке тарту жазасы тағайындалды.

Мырзахан Жақсылық, Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаментінің ресми өкілі:

- «Қасым хан» тарихи сериалының түсірілімінде 30 миллионға жуық теңге сомасындағы бюджет қаражатының ұрланғаны дәлелденді. Келтірілген залал сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінде толық көлемде өтеді. Сот айыппалушыларды ҚР ҚҚ 189-бабы 3-бөлігі 1,2-тармактары бойынша Ахметов К.С және өзге занды тұлғалар кінәлі деп танылды.

Естерінізге сала кетейік, 2019 жылы 75 болімнен тұратын «Қасым хан» сериалы түсірілетіні белгілі болған еді. Жобаға бюджеттен 11 млрд теңге бөлінген.

“156 АНАНЫң ӨЛІМІ ТІРКЕЛДІ”: ПРЕЗИДЕНТ ПРОКУРОРЛАРҒА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ



Мемлекет басшысы деңсаулық сақтау саласын дамыту мәселесін ерекше бақылауда ұстауды ескертті. Ақорда мәліметтінше, еткен жылы 156 ана өлімі тіркеліп, өлім-жітім 2,8 есеге артқан, деп хабарлайды Arasha.kz.

Пандемия кезінде аталған жүйе

күрделі сынақтан өтіп, саладағы барша олқылықтар айқын көрінді.


“Үкіметке облыс әкімдіктерімен бірлесіп және кәсіби қауымдастық мүшелерін тарта отырып, барлық деңсаулық сақтау үйімдерінде инвентаризация жүргізуі тапсырамын. Бұл ретте, босандыру және жансақтау болімдеріне, олардың медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен, қажетті бұйымдармен қамтамасыз етілуіне басымдық беру керек. Бас Прокуратураға осы мәселе бойынша іріктелген тексеру жұмыстарын жүргізу тапсырылды, – деді Токаев.

Президент тексеру жұмыстарынан кейін кінәлі адамдар жауапқа тартылағын.

Естерінізге салсақ, Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысына катысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» бойынша бірынғай мектеп оқулықтарын даярлауды тапсырды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Окушыларды оқыту мен дамытуда басқа да түрлері арасында дұрыс теңгерім болуы керек. Әлемдік тенденцияны ескере отырып, математика, тіл, информатика секілді басымдықты пәндерге ерекше мән берген жөн. Оқулықтар



ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ЕҢГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ

Сонымен қатар Президент 900 мыңға жуық бала 11 мың мектепке дейінгі мекемелерде тәрбеленіп жатқанын атап өтті. Алайда оның ішінде 36 пайызында көріз жүйесі жоқ, 29 пайызы ыстық сүмен және 11 пайызы жылы дәретханамен қамтамасыз етілмеген.

«Тарихи оқиғалар мен фактілер оқушыларға ешбір бүрмалаусыз жеткізілуі керек. Сондықтан «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» бойынша бірынғай мектеп оқулықтарын даярлап, еңгізуі тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

«Осыған назар аударыңыздар, барлық әкімдер бұл мәселені қадағалауға алуы керек», – деді Қ. Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН ТҰРФЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ БОЙЫНША ТМД ЕЛДЕРІ АРАСЫНДА 1-ОРЫНДА



2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында тұрғын үй құрымының саласында 1-ші орында, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР ИИДМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ведомствоның мәліметінше, ылтың Қазақстанда тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші жан басына шаққанда 0,81 шаршы метрге жетті. «Бұл ТМД елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш және ол экономикалық дамыған елдердің деңгейіне жақыннады. Мәселе, еткен жылдың қорытындысы бойынша Ресейде - 0,56 шаршы метр, Беларусь елінде - 0,45 шаршы метр, ал Өзбекстанда - бір адамға 0,36 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген», делинген хабаралмада.

Бұл көрсеткіш 2019 жылдан бастап өлшеніп келеді және Қазақстан екінші жыл қатарынан ТМД елдері

арасында көшбасшы болды.

«Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасының шенберінде халыққа қолайлы тұрмыс жағдайын жасау, тұрғын үй қолжетімділігі мен жайлышының арттыру, сондай-ақ тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту - мемлекеттік саясаттың басым бағыттары», - Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов.

Естерінізге сала кетейік, 2020 жылы бағдарламасының барлық қаржыландыру көздерінен бірынғай тұрғын үй саясатын іске асыру жөніндегі тапсырма аясында рекорд 15,3 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2019 жылғы көрсеткіштен 16,8% артық.

МАМАНДЫҚ ТАНДАУ – ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ



Мамандық – қарапайым өмір сурған көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жаупкершілікті талап етегін ендек қызыметтін маңызды болігі. Қоғамға, адамдарға пайдастырылған тиғизетін мамандықтарды қалаң таңдауға болады? Мамандық таңдау жасаспірім шактағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана қадам басқан болашақ үрпактың алдында мындаған мамандықтан өзіне лайыкты біреуін таңдау міндетті тұрады. Мамандықтың жаманы жок, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамак асыраудың жолы ғана емес. Кейір жастар өзі қызықпайтын мамандықты

таңдаиды. Осыдан өз мамандығына қызыгуышылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да күрғысы келмейді. Эрбір адам өзін-өзі дамыта ала үшін білім алғып, сол біліміне сай мамандықка машықтану керек.

Мамандық таңдау – жаупкершілікті талап етеді. Бұғынгі жастардың өзі қалаған белгілі бір мамандықты оқып, игеріп, алған теориялық білімдері мен тәжірибелін көсібіне сай дұрыс пайдалануға үйрету, осы негізде олардың көсібі өсіу мен мансабына ықпал етіп, жағдай жасау орта оку орындарының негізгі міндеті болып табылады. Бұл оку орындарының барлық

салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа максаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде де оқытушыларға қойылатын талаптар жоғары. Соның ішінде өмірден өз орнын таңдай алатын, өзін еркін үстап, кез-келген ортага тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білім мен белгілі көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта билетін жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелу. Эрбір жастың білім алуға, қалаған маман иесі болуға, қалыпты түрмисын жасап, енбекке орналасуға құқығы бар. Алайда кай кәсіпорын болмасын, тәжірибелі маман алғысы келеді. Сондықтан, мамандық алуға тілек білдірген жастарды өздері қалаған кәсіпке баулып, білімді, тәрбиелі, бәсекеге қабілетті, кәсіби білімін пайдалана билетін, жан-жақты азаматтық көзқарасын қалыптастыру білім беру мен жұмыс берушілердің тығыз байланысы нәтижесінде жүзеге асады. Бәсекелестік талап етеді, яғни өмір сүрудің өзі бәсекеге айналған осы заманда біліммен қаруланған эрбір азамат жарықтың көлдөшінде болуы мүмкін. Ал бәсекеге қабілетті болуының үшін ғылым мен білімнің негізін көтеру кезек күттірмейтін мәселенің біріне айналып отыр. Кез-келген жас маман өзі таңдан алған кәсібінің қыр-сырын ғана емес, сол саладағы жана технологияларды, жаңа ойлауды, белгілі ортага икемді қарым-қатынастарды қалыптастыруды үйреніп, заман талабына сай қолдана

білсе, бәсекеге қабілетті болары сөзсіз. Бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыру ісінде оку және өндірістік тәжірибелердің маңызы зор. Яғни, болашақ мамандарды дайындауда оку процесін өндіріспен ұштастыру басты мәселе. Ал, заман талабына сай сұранысы бар, бәсекеге қабілетті маман даярлау біздін міндеттіміз. Өйткені «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеге қарап білек сыйбанамыз» демекші, бүтінгі студент-ертегінгі білікті маман. Нарыз кәсіби мамандар даярлау ушін педагог үнемін өзінде болуы керек және акпараттық-технологияларды жүйелі қолдану арқылы басты мәселелерді шеше алады. Студенттерді заману ғылым жетістіктерімен каруандырып, өндіріске жіберу, ол педагог алдына жүктелген міндет. Әсіресе, арнайы пәндерден дәріс беретін оқытушылардың кәсіби шеберлігін үнемі шындал, білімі мен біліктілігін көтеріп отыру қажет. Педагогтар, яғни біздер тек қана жогары білікті мамандар даярлап қана қоймай, жастарды патристік, жогары мәдениетті, толерантты және өмірге жаупкершілікпен карайтын рухта тәрбиелеуіміз керек.

**ОТУНШИЕВА А.Е.,
ТОҚТАБЕК А.А.,
М.Әуезов атындағы ОҚУ «Стандарттау және сертификаттау»
кафедрасының магистр, аға
оқытушылары**

БІЛІМДІ ДЕ, САУАТТЫ БОЛ

Фасылар отіп жатыр, жылдар отіп жатыр. Еліміз тәуелсіздік алғалы ақырында, жан жақты дамып жатыр. Сол “ақырында” қана жылжып, өзіміз айтпақшы “дамып кеткен елдер” көшіне әлі ілесе алмай жатырыз.

Экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдің ортасына қосылып, нарыктық экономикада бәсекелестікке ие болу үшін үлкен енбеккорлық, біліктілік керек екенин бәріміз білеміз және соган көп үлесін қосатын, әрине жастар.

Білгеннің мен білімін жок болса алдыңғы қатарға шықпак тұғлі, көштін соңына да ілесе алмайсын. Қазіргі нарык білімділікті талап еткенімен, білгеннің азайып, төмөн қарай құлдыраң, сауатсыз жастар қөбейіп бара жатқандай. Білім қуудың орнына әлеуметтік желіде сайдың мазақтықпен айналысып, қай әлемде жүргендерін ажыратса алмайтынай қалға жетіп жатыр. Бұрындары кімнің сауатсыз екенин жаңында жүргендер білсе, қазып сауатсызды бүкіл ел таниды десе де болады. Кай әлеуметтік желіні алғып қарасаң да “тисе терекке, тимесе бұттакқа” деп онды-солдың әнгіме жазып, өз деңгейін “жарнамалап” жатқан жастар бар. Кей замандастарымыздың әлемде болып жатқан жағдайларға көзқарасын біліп, жағсанын оқын десен, не айтып, не қойғанын түсіне алмай дал боласын. Қойыртақ болған шимай-шатпағында қателерден көзің сүрініп, тілін күрмеледі. Автордың өмірінде кітап бетін ашып көрмеген адам екенин түсінесін. Сондай “блогер-тәлімгердің” жазғандарынан, өмірі кітап бетін ашып көрмеген келесі адам “білім” алмаса екен дейсін. «Кітап- білім бұлғағы, білім-

өмір шырағы,» білдекті бірді, білімді мынды жығады» деген мағынасы зор макал сөздерінің ұмытылып кеткендей.

Жылына ең болмаса бір-екі кітап оқыса да, адамның дүние танымы кенейіп, зейіні ашылар еді. Қазіргі уақытта білімімді шындаимын десен, барлық мүмкіндік жасалған. Елімізде білім ошқартары жетерлік. Ол аз болып жатса, ғаламтор жүйесі бар, кез келген ішіндегі үйренуге болады.

Сауаташу мектеп қабыргасынан басталатындағынан, окушылардың білімді болып шығуына, ұстасдарды мен ата-аналарды да үлкен ықпал жасауды көрек. Жетпей жатқан жерін жан жақты іздестіріп, білімге жетелуе окушының міндеті.

Менің нағашы апам математика пәнінің мүғалімі болатын. Ол кезде әлеуметтік желі тұғлі ауылдағы -техникалық кітаптар да жоқ еді. Сол кездері апам Мәскеудің кітап базасында жазылып, ауылдағы математикаға байланысты журнaldарды алдырып, орысша оқулықты ерінбей қазақ тіліне аударып, есептерін шығаратын. Оқушыларына қосымша білім беріп оқытатын. Жан жақты ізденетін. Оқушыларының құнделікте пәннен шектеліп қалмай, жан-жақты білім алғын көмектесіп, үйрететін.

Болашақ жастардің деп ұрандастып жүреміз. Сол болашақ сіздікі болын десеніз, қандай саладан болса да білімді болуға ұмытылып, білгеннің ісік асырыңыз. Сауаттық-тек қана қатесіз жазып-сызу емес. Барған жеріні “ой-өрісіз” бен білімділігінде жаңа оқып шығарып салатының ұмытпаңыз.

Жанерке ӘБІЛХАЙЫР

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендей, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бұғынгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел замушы елдердегідей біздің жас мемлекеттімізге де орасан зор нүксан келтіріп отыр.

Парапорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына керіп есерін тигізіп, беделіне нүксан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚКА ЖОЛ ЖОҚ

занды мүдделерінің бұзылуына тұрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарастыру туралы» Заңының сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізу тиіс. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немікүрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуде, жеке басының қамын ойлауды да парапорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салатты, таза және сауортаны шарып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттер мен қоғамдық ортандың және мемлекеттік органдардың, үйымдардың дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етүіне қатер төндіретін

кауіпті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерптің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дерптек көп болып ат салысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес косатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Мемлекеттің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сактауға, басқа адамдардың құқықтарын, бастандықтарын, абыроы мен қадір-қасиеттің құрметтеуге міндетті. Анығын айтқанда Елбасының сарабдалада саясатын ұстану арқылы жемқорлықтан жогары тұрып, оның тамырына балта шаба аламыз.

А.ИБАДУЛЛАЕВ
Шардара ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер баскормасы
бас маманы